

## **ОЖСӨЖ №5.**

**Тақырып:** Айтыс.

**Мақсаты:** Айтыс туралы мәлімет алу.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Айтыс туралы түсінік
2. Айтыстың түрлері, алғаш зерттеушілер
3. Айтыстың көркемдік ерекшеліктері

**Тапсырма:** Ерте замандағы дүние жүзілік айтыстың түрлері. Айтыстың негізгі ерекшеліктері. Айтыстың сақталуы мен хатқа түсі. Айтыстан қоғам өмірі, халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы көрінетіндігі. Айтыстың ерекшеліктері және түрлері. Қазіргі қазақ айтысының ерекшеліктері, құндылықтары, құрылышы, стилі, тілі. Ғылыми мақала жазыңыз.

**Тапсырманы орындауга арналған әдістемелік нұсқау:** Тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді тереңдетіп талдау жасау үшін тақырып бойынша теориялық материалдарды жинақтап, салыстыру арқылы талдау жасау. Берілген теориялық материалдарды әр қырынан алып карастырып, арнайы талдап, танып-білу.

Ғылыми мақала дегеніміз – ғылыми зерттеулер нәтижелерін сипаттау. Ғылыми мақала зерттеу тақырыбы бойынша нақты жекелеген мәселелерді қамтитын, нәтижесі берілетін, автордың ғылыми басымдығы көрінетін жарияланымның бір түрі болып табылады. Ғылыми мақала маманның жетістігін көрсетеді. Ғылыми мақаланы іштей үшке бөлуге болады: Ғылыми-теориялық мақалалар теориялық ізденістер мен зерттеліп отырған мәселенің зандалығын түсіндіруге арналады. Теориялық мақалалар кез келген зерттеуді жүргізуін негізі болып табылады. Ғылымда тек теориялық пайымдаулардың көмегімен тың жаңалықтар ашылып, кейін тәжірибе мен эксперименттер арқылы дәлелденген оқиғалар аз кездеспеген. Кейбір салаларда тек қана теориялық әдістер арқылы зерттелетін нысанның маңызын ашуға болады. Ғылыми-практикалық мақалалар ғылыми эксперименттер мен шынайы тәжірибеге арналады. Оларда эксперимент жүргізу әдістері не зерттелетін құбылысты бақылау құралдары мен оларды тіркеу тәсілдері сипатталады. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді баяндау мен оларды түсіндіру мүндай мақалалардың негізгі белгі болып табылады. Ғылыми-әдістемелік мақалалар ғылыми немесе қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін әдістер, тәсілдер, құралдар мен үдерістерге шолу жасауға арналады.

**Есеп беру түрі:** ғылыми мақала

**Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау:** 13 апта

Жоғарғы ұпай - 4